«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ

2026-2027 оқу жылы
№ 1 Ғылыми Кеңестің мәжілісінде қабылданған

ШЕШІМДЕР

Шымкент қаласы **28 тамыз, 2026 жыл**

КҮН ТӘРТІБІ

1. **Университет Ғылыми кеңесінің құрамын бекіту туралы**

ШЕШІМ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы Ғылыми кеңес құрамына ұсынылған өзгерістер енгізілсін.
2. Ғылыми кеңестің жаңартылған құрамы ашық дауыс беру арқылы бекітілсін.
3. Рысбекова Жанар Қасымбекқызы – Басқарма мүшесі – Ректор, заң ғылымдарының кандидаты, Ж.А. Тәшенев атындағы университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы болып сайлансын.
4 Ғылыми кеңестің төрағасы Рысбекова Жанар Қасымбекқызына Ғылыми кеңестің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, университет Жарғысына және Ғылыми кеңес туралы ережеге сәйкес ұйымдастыру жүктелсін.
5. Ғылыми кеңестің төрағасы Ғылыми кеңес отырыстарын белгіленген тәртіппен жүргізуді және Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енсін.

2. **Университет құрылымына өзгерістер енгізу туралы**

ШЕШІМ:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Ж.А.Тәшенев атындағы университет құрылымы туралы ақпарат назарға алынсын:
2. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің құрылымына сай өзгерістер енгізіліп, қайта бекітілсін.

3. 2026–2027 оқу жылындағы кадрлық өзгерістер мен тағайындаулар туралы

ШЕШІМ:

2026–2027 оқу жылына университеттің басқару құрамына төмендегі тұлғалар тағайындалсын:

1. Рысбекова Жанар Қасымбекқызы – Басқарма мүшесі – Ректор, заң ғылымдарының кандидаты.

2. Мамраймов Серік Дәулетұлы – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

3. Кульджабеков Алибек Бахиджанұлы – Стратегиялық және ғылыми істер жөніндегі проректор, PhD докторы.

4. Университеттің дайындығы және алдағы стратегиялық міндеттері туралы

ШЕШІМ:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор т.ғ.к,. қауымдастырылған профессор Мамраймов Серік Дәулетұлының баяндамасы назарға алынсын.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік кеңестің жоспары бекітілсін.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары бекітілсін.
4. Оқу орнында кафедралар деңгейінде атқарылып жатқан негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары бекітілсін.
5. 2026–2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілсін.
6. 2026–2027 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік кеңестің, ғылым, тәрбие жұмыстарының жоспарлары барлық бөлімдерге таратылып, басшылыққа алынсын.
7. 2026–2027 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бекітілсін.
8. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарларындағы өзгерістерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспары бекітілсін.
9. 2026–2027 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі бекітілсін.

10. Университеттің академиялық саясатына Интегралдық GPA (IGPA) көрсеткіші бекітілсін.

5. 2026–2027 оқу жылына Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын бекіту

1. 2026– 2027 оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қажет болған жағдайда оқу жылы барысында Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және университеттің даму басымдықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
3. Ғылыми кеңес мүшелері мен бөлім басшылары жұмыс жоспарында көзделген іс-шаралардың сапалы және дер кезінде орындалуын қамтамасыз етсін.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жұмыс жоспары барлық құрылымдық бөлімшелерге таратылып, басшылыққа алынсын

6. 2026-2027 оқу жылындағы қабылдау комиссиясының есебі

ШЕШІМ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы қабылдау комиссиясының есебі назарға алынсын.
2. Келесі қабылдау науқанына дайындық жұмыстарын уақтылы ұйымдастыру және үйлестіру жүргізілсін.
3. Білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту, талапкерлерді тарту мақсатында мектептермен, колледждермен және әлеуметтік серіктестермен байланыс кеңейтілсін.
4. Университеттің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде қабылдау науқаны туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Қабылдау комиссиясының жұмысын жетілдіру, цифрлық сервистерді кеңінен пайдалану және талапкерлерге сапалы кеңес беру қызметін қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылсын.
6. Мемлекеттік білім беру гранттары бойынша конкурстық көрсеткіштерді талдап, сұранысқа ие білім беру бағдарламаларының тартымдылығын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мамраймов Серік Дәулетұлына жүктелсін .

7. 2026–2027 оқу жылына материалдық-техникалық базаның, цифрлық инфрақұрылымның және қауіпсіздік жүйесінің дайындығы туралы.

ШЕШІМ:

1. «2026–2027 оқу жылына материалдық-техникалық базаның, цифрлық инфрақұрылымның және қауіпсіздік жүйесінің дайындығы » туралы Ғылыми кеңес төрағасы Рысбекова Жанар Қасымбекқызының баяндамасы назарға алынсын.

2.Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету жұмысы (қажетіне қарай) жалғастырылсын. Жауаптылар: факультет декандары, тәлімгерлер. Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында;

3.Университет инфрақұрылымы қосымша әлеуметтік маңызы бар нысандармен жетілдірілсін. Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында.

8. Әртүрлі мәселелер.

8.1. СМЖ талаптарына сәйкес Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту.

ШЕШІМ:

1. Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) талаптарына сәйкес әзірленген және қайта қаралған университеттің ішкі нормативтік құжаттары бекітілсін.

2. Бекітілген ішкі нормативтік құжаттар университеттің құрылымдық бөлімдері басшылыққа алынсын және белгіленген тәртіппен қолданысқа енгізілсін.

3. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын қызмет барысында орындауды және қызметкерлердің олармен таныстырылуын қамтамасыз етсін.

4. Сапа менеджменті жүйесіне жауапты құрылымдық бөлімше бекітілген құжаттардың өзектілігін, қолданыста болуын және СМЖ талаптарына сәйкестігін тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Ішкі нормативтік құжаттарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар қолданыстағы заңнамадағы, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердегі және университет қызметіндегі өзгерістер ескеріле отырып, белгіленген тәртіппен енгізілсін.

8.2. «6B09103 – Мал шаруашылығы және ветеринария» білім беру бағдарламасын Қазақстан Республикасының ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының Реестрінен алып тастау туралы.

ШЕШІМ:

1. «6В09103 – Мал шаруашылығы және ветеринария» білім беру бағдарламасын Реестрге енгізілген күннен бастап заңнамада белгіленген 6 (алты) ай мерзім ішінде тиісті білім беру қызметіне арналған лицензияға қосымша алынбауына байланысты, Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының Реестрінен алып тастау туралы өтінім берілсін.

2. Университеттің Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі мен лицензиялау бағытына жауапты құрылымдық бөлімше білім беру бағдарламасын Реестрден алып тастау үшін белгіленген тәртіппен тиісті өтінімді және Ғылыми кеңес отырысы хаттамасының көшірмесін Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректорға жүктелсін.

8.3 Университетке бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында білім беру бағдарламалары мен оқу құжаттарына енгізілген өзгерістерді қарау және білім беру бағдарламаларын қайта бекіту туралы

1. Университетке бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында Академиялық сапа жөніндегі комитеттер жүргізген жұмыстар және білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына енгізілген түзетулер назарға алынсын.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламалары мен оқу құжаттарына енгізілген өзгерістер мақұлдансын.
3. Тиісті Академиялық сапа жөніндегі комитеттердің шешімдері негізінде түзетілген:

– 6В01514 – «География (IP)»;

– 6В01502 – «Физика мұғалімдерін даярлау»;

– 6В01533 – «Биология (IP)»;

– 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер»;